

СИЛЛАБУС
 2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрі
 «БВ01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы
 2-курс

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер/сағат саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
82675 Қазақ тілінің сөзжасам уәжділігі	6	15	15	0	3	7

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ				
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Практикалық сабақтардың түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Оффлайн	Теориялық	проблемалық, аналитикалық дәріс	міндеттерді шешу, жағдаяттық тапсырмалар	Жазбаша емтихан
Дәріскер	Салқынбай Анар Бекмырзақыз			
e-mail	asalkbek@gmail.com			
Телефондары	8 707 823 8770			
Дәріскер	Каспихан Бауыржан Каспиханұлы			
e-mail	b.kaspikhan@gmail.com			
Телефондары	8 707 993 3827			

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ		
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН) Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы кабілетті болады	ОН қолжеткізуиндикаторлары (ЖИ)
Қазақ халқының төл дүниетанымында қалыптасқан туынды сөздер мен халықаралық ортақ ұғымдарды танбалау – сөздің негізгі қызметінің бірі екенін тануға бағыттау, туынды сөздің негіздемесін дұрыс айқындайтын ұстанымын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі туынды сөздер, олардың уәжділігіндегі ерекшеліктер, жасалу тәсілдері қарастырылады.	1. Қазақ әдеби тілінің ғылыми-теориялық мәселелерінің бүгінгі даму үрдісін түбегейлі талдай білуі үшін, атаудың сөзжасамдық сипаты мен мәнін, ерекшелігі мен тәсілдерін меңгеру.	1.1. Сөзжасам саласын зерттейтін басты әдіс-тәсілдер тәсілдер арқылы жұмыс істейді. 1.2.Туынды сөздің басты ерекшеліктерін біледі;
	2. Атаудың жасалуындағы негізгі себеп мен уәжділікті, танымдық сипатты талдау және қолдану	2.1. Сөзжасам мен уәждеменің байланысы мен айырмасын түсінеді. 2.2. Сөзжасам мен таным териясы арасындағы сабақтастықты таниды.
	3. Сөзжасамдық тәсілдерді саралап, кез келген туынды сөздің құрамын ғылыми-практикалық тұрғыдан зерделеу.	3.1. Сөзжасамның жеке тәсілдерін талдайды. 3.2. Сөзжасам тәсілдерінің ерекшелігін біледі.
	4. Сөзжасамдық тәсілдердің жасалу ерекшелігі мен семантикалық құрылымын меңгеру.	4.1. Әр сөзжасамдық тәсілдің жасалу ерекшелігі мен мағыналық құрылымын біледі. 4.2. Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің семантикалық және уәждік сипатын таниды.
Пререквизиттер	Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.	
Постреквизиттер	Қазақ әдеби тілі	
Оқу ресурстары	Негізгі әдебиеті: 1) Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 2002. 2) Салқынбай А. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы, 2022. Қосымша әдебиет: 1. Байтұрсынов А. Тілтағылымы. – Алматы, Қазақ университеті. 2022. 2. Жұбанов Қ. Қазақтілжөніндегізерттеулер. –Алматы, Ғылым, 1999.	

				3. Салқынбай А.Б. Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. –Алматы, Қазақ университеті,2018 4. Қазіргіқазақтілініңсөзжасамжүйесі.- Алматы: Ғылым, 1989. 5. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. А. 2018. 6. Қасым Б. Қазақтіліндегікүрделісөздер. Уәждемежәнеаталым. –Алматы, Ғылым, 2001. 7. Ибатов Ә. Қазақтілініңтуындысөздерсөздігі. - Алматы. Ғылым, 1988. 8. Исаев С. Қазіргіқазақтіліндегісөздердіңграмматикалықсипаты. – Алматы, “Рауан”, 1998. Интернет-ресурстар: SQL жүйесіндегікосымшадеректер; univer.kaznu.kz сайтындағы, УМКД көлеміндегіматериалдар.
Пәннің академиялық саясаты				Пәннің академиялық саясатыэл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық</u> Саясатымен айқындалады. Құжаттар UniverИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЖ, БӨЖ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиа́т, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді.Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларғажәне білім алушылардыңбір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail +77079933827 немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы https://teams.microsoft.com/l/team/19%3airM8CmLG13-R21mjP2YdpFL68ntYQ-ZgG3Wd1dH7QWo1%40thread.tacv2/conversations?groupId=195796ba-bd23-4986-aa10-2c8ab8d8a982&tenantId=b0ab71a5-75b1-4d65-81f7-f479b4978d7b кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massiveopenlinecourse). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдердісақтамаубаллдардыңжоғалуынаәкеледі.
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ				
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	%мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау–айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қолжеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	

				мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	5
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	1,67	60-64		Коллоквиум	10
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.					

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1. Қазақ сөзжасамы және атау теориясы			
1	Д1. «Қазақ тілі сөзжасамы» пәнінің зерттеу нысаны. Өзге пәндермен байланысы. Зерттелуі.	1	1
	ПС 1. Сөзжасамның түркітануда және Қазақ тіл білімінде зерттелуі, зерттеу тәсілдеріне талдау.	2	5
2	Д2. Сөзжасам мен атау теориясы. Ұғым мен ой, атау, таңба арасындағы байланыс. Сөзжасамның объективтілігі мен субъективтілігі туралы.	1	1
	ПС 2. Атау жасаудағы ұлттық таным мен таңбадағы көрінісін талдау. Әлемдік тіл біліміндегі негізгі көзқарастарға шолу.	2	5
3	Д3. Сөзжасам және уәждеме.	1	1
	ПС3. Сөзжасам процесінің негізгі ерекшелігі, жалпы мен жеке, алғашқы ұғым мен түсініктің негізінде жасалатын екіншілік мағына. Атаудың уәжділігін көрсету арқылы туынды сөздің семантикалық құрылымын анықтау	2	5
	СӨЖ 1. Ақымет Байтұрсынұлы еңбегіндегі сөзжасамдық басты ұғымдар мен терминдерге уәждемелік талдау жасау		18
4	Д4. Сөзжасам жүйесінің негізгі ұғымдары. Сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық қалып, тәсіл, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамның негізділігі, сөзжасамның жүйелілік сипаты.	1	1
	ПС4. Сөзжасамдық ұғымдардың әрқайсысына анықтама беріп, құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасау.	2	5
5	Д5. Туынды сөздің анықтамасы, термин ретінде қолданылуы, туынды сөздің ерекше белгілері, семантикалық сипаттамасы. Туынды сөздің уәждемелік негізділігі мен номинативтік ерекшелігі.	1	1
	ПС5. Туынды сөздердің уәжділігі. Туынды атаудың табиғатын танудағы ұлттық танымның маңызын нақты мысалдар арқылы айқындау.	2	5
6	Д6. Сөзжасам тәсілдері, олардың түрі, ерекшеліктері. Сөзжасамдық тәсілдің универсалдықы мәні.	1	1
	ПС6. Түркі тілдеріндегі, қазақ тіліндегі басты сөзжасамдық тәсілдерді анықтау, ерекшеліктерін саралау	2	5
	СӨЖ 2. Сөзжасамның теориялық ұғымдары.		20
7	Д7. Фонетикалық сөзжасам. Дауысты дыбыстар арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптар.	1	1
	ПС7. Дауысты дыбыстар арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптарды нақты мысалдар арқылы талдау	2	5
	СӨЖ 3. «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі» (1-кітап) бойынша сөзжасамдық ұялар мен тізбектерге семантикалық талдау жүргізу.		20
Аралық бақылау 1			100
Модуль II. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер			
8	Д8. Дауыссыз дыбыстар арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптар.	1	1

	ПС8. Дауыссыз дыбыстар арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптарды нақты мысалдармен талдау.	2	5
9	Д9. Синтетикалық сөзжасам. Зат есім сөздердің синтетикалық сөзжасамы. Жаңа туынды сөздердегі негізгі және ерекше сема. Арнайы сема жасаудағы морфтың рөлі.	1	1
	ПС9. Сын есім, сан есімнің, есімдіктің синтетикалық сөзжасам. Журнақтар арқылы жасалған туынды сөздердің екіншілік мағынасы мен уәжділік сипаты	2	5
	СӨЖ 4 «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі» (1-кітап) бойынша сөзжасамдық ұялар мен тізбектерге уәждемелік талдау жүргізу.		20
10	Д10. Етістіктің синтетикалық сөзжасамы. Түбір мен журнақтардың сөзжасамдық мағына жасаудағы рөлі. Синтетикалық тұлғалардың сөзжасамдық мағына туғызудағы рөлі	1	1
	ПС10. Етістіктің синтетикалық сөзжасамына нақты мысалдар келтіріп талдау.	2	5
	Д11. Семантикалық сөзжасам. Тіл біліміндегі транспозиция туралы ілімдерге шолу.	1	1
11	ПС11. Семантикалық сөзжасамның негізгі ерекшелігіне талдау. Семантикалық сөзжасам жүйесіндегі мағыналық дамуға нақты мысалдар келтіру.	2	5
12	Д12. Сөздің антонимдік, синонимдік, көпмағыналылығының даму ерекшелігі. Оның номинация теориясы негізінде түсіндірілуі.	1	1
	ПС12. Көпмағыналылық пен омонимия құбылысының арақатынасын «Сөзжасам сөздігі» бойынша нақты мысалдар арқылы зерделеу.	2	5
13	Д13. Аналитикалық сөзжасам тәсілі. Аналитикалық сөзжасамның қалыптары, ол туралы көзқарастарға шолу.	1	1
	ПС13. Қазіргі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық құрылымына «Сөзжасам сөздігі» бойынша нақты мысалдар арқылы зерделеу.	2	5
	СӨЖ 5 Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» еңбегіндегі сөзжасам теориясына ғылыми талдау	2	20
14	Д14. Есім негізді күрделі сөздер. Олардың зерттелуі, орфограммасы туралы көзқарастар. Күрделі сөздердің атау теориясы арқылы зерделенуі.	1	1
	ПС14. Күрделі сөздердің семантикалық құрылымы. Күрделі зат есімдер мен күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер: олардың екіншілік мағыналарын талдау.	2	5
	СӨЖ 6 Күрделі етістік туғызушы тұлғалар мен олардың семантикасы.	1	12
15	Д15. Тенеулер мен фразеологиялық бірліктер – туынды сөз	1	1
	ПС15 Фразеологиялық бірліктердің семантикалық сыры мен сипаты, ғылыми көзқарастарға талдау жасау.	2	5
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100

Филология факультетінің деканы

А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының
менгерушісі

Академиялық комитет

Дәріскер

Оқытушы

Б. Жолдасбекова

А.Ж. Амиров

Ж.А. Сарсенбай

А.Б. Салқынбай

Б. Каспихан

